

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ақпараттық-әдістемелік журнал «Педагогикалық диалог» – Педагогикалық шеберлік орталығы NIS. Астана. 2015 ж. -153 с.
2. «Білімді ел» газета, 2017. № 27
3. Статъя «Обновление содержания образования – веление времени».bilimainasy.kz

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бекмухамбетова Рыскүл Қаиркенқызы  
Кужахметова Анар Қасымжомартқызы.  
Утесова Гулжан Көшербайқызы  
Рахметова Гулнар Каиырқанқызы  
№2 Аманқарағай орта мектебінің мұғалімдері  
Әуликөл ауданы

#### *Аннотация*

*Бұл мақалада еліміздегі білім беру бағытын жаңартып, жаңаша көзқарас қалыптастырып, білім деңгейін биікке көтермелеу. Білім сапасын арттыруға бағытталған білім беру мазмұнын жаңартудағы жаңа талаптар қарастырылады.*

#### *Аннотация*

*В статье рассматриваются направления обновления образования в стране, формирует новые взгляды, уровень образования на новую высоту поощрения. В обновлении содержания образования рассматриваются новые требования, направленные на повышение качества образования.*

#### *Abstract*

*Relevance. Goal. The article considers the directions of changes in education in the country, creates new views, the level of education to new heights of promotion. In updating the content of education, discusses the new requirements aimed at improving the quality of education.*

*Түйінді сөздер:* жаңа бағыт, жаңартылған білім, критериялды бағалау, жаңа технологиялар.

*Ключевые слова:* новое направление, обновленное образование, критериальное оценивание, новые технологии.

*Keywords:* new direction, new education, criteria-based assessment, new technologies.

Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бастау алды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елу елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін - білім» екендігін халыққа жолдаған әр Жолдауындағы басты назардағы мәселе ретінде «Еліміздің ертеңгі болашағы – ұстаздардың қолында» - деп ел ұстаздарына сенім артты. Осы сенімге жету, яғни өркениетті елдер қатарынан көріну үшін, заман талабына сай білім қажет екені белгілі. Сондықтан еліміз әлемдік үрдістер қатарынан көрінуге бет бұрды [1].

«Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама [2].

Қай елдің болсын өсіп - өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән - мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Әрбір

оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалімнің рөлі ерекше.

Мектептегі әрбір ұстаздың міндеті - мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, ақыл - ойын жан - жақты дамытуға тәрбиелеу, жеке тұлғаны қалыптастыруға атсалысу, оларға өмірден өз орнын табуға көмектесу, бағыт бағдар беру. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бүгінгі мектеп оқушылардың мұғалім қалай тәрбелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелген міндет ауыр» деген болатын [3].

Қазіргі заман талабына сай ұстаз алдына қойылатын талаптар өзгеше. Сондықтан мұғалім әр уақыт ізденіп, өзінің білімін жетілдіріп, жаңалыққа әуес болуға тиіс. Қазіргі таңда ғылым мен білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам мұғаліміне жүктелер жұмыс та еселене түсуде. Білім беру мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ - ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [4].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы ұстаздарға қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен – күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды және ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау [5].

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана

жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз [6].

Қорыта келе, жаңа оқу бағдарламасының ерекшелігі – ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында, яғни мұғалімдер алдындағы үлкен міндет ғылым мен техниканың дамуына сәйкес оқушының білімі терең, ойы ұшқыр, ойлауға қабілетті, әлемдік стандарт деңгейінде жұмыс істей алатын, құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Осы тұрғыда мұғалім үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол– болашаққа бастар жол»2014 жылғы 11 қараша.
- 2.Қазақстан - 2030 Стратегиясы. 1997 жылғы 1 қазан.
- 3.Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 4.Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
- 5.Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Астана, 2007.
- 6.Жаңалыққа бастаған жаңартылған бағдарлама. «Білім технологиялары» №3, 2014.

#### **ОБНОВЛЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И МАСТЕРСТВО УЧИТЕЛЯ - КЛЮЧЕВЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОГО ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ**

Белоусова Анна Леонидовна,  
Шевцова Светлана Николаевна,  
Саурбаева Динара Тулегеновна,  
ГУ «Средняя школа№ 5 имени Б.Момышулы»  
г.Костаная

#### **Аннотация**

*Мақалада мұғалімнің жаңа білімі мен шеберлігі арасындағы қарым-қатынас бар. Осыған байланысты, авторлар өз тәжірибелерімен бөлісіп, мектеп жүйесінде сапалы өзгерістерді қажет етеді. Жаңартылған білім келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді: танымдықреттеу,коммуникация,ақпарат пен тақырып.*

#### **Аннотация**

*Статья отражает взаимосвязь обновленного образования и мастерства учителя. В данном контексте авторы делятся своими собственными наработками и показывают необходимость качественных изменений системы школьного образования. Обновленное образование способствует формированию следующих компетенций: познавательные, регулятивные, коммуникативные, информационные и предметные.*

#### **Abstract**

*Relevance.Goal.The article reflects the relationship between the renewed education and mastery of the teacher. In this context, the authors share their own experience and show the need for qualitative changes in the school system. Updated education contributes to the formation of the following competencies:cognitive,Regulatory,Communication,information and subject.*

**Түйінді сөздер:** жаңартылған білім беру, өзін-өзі дамыту, бағалау, стратегия, сыни ойлау

**Ключевые слова:** обновленное образование, саморазвитие, оценивание, стратегии, критическое мышление

**Keywords:** updated education, self-development, evaluation, strategy, critical thinking

Народная пословица гласит: «Не тот грамотен, кто читает, а тот, кто слушает и разумеет». Развитие у учащихся способностей к познанию, к возможности применения знаний в жизни – ключевые задачи обновленной системы образования РК. Только